



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

№  
2017. 11. 22. № 6 ге

**Тұрақты комиссияның  
2017 жылғы 22 қарашадағы  
қаулысы**

**Астана қаласында әлеуметтік  
көмек көрсету, оның мөлшерлерін  
белгілеу және мұқтаж азаматтардың  
жекелеген санаттарының тізбесін  
айқындау қағидасының жобасы  
туралы**

«Астана қаласының жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау» ММ-нің Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасының жобасы туралы (бұдан әрі - Қағида) ақпаратын тыңдап және талқылай келе, Астана қаласының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **қаулы етті:**

1. «Астана қаласының жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ-не Қағида жобасына келесі өзгертулер мен толықтыруларды енгізу ұсынылсын:

1). Ақшалай төлем түріндегі бірыңғай әлеуметтік көмекті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгілеу.

2). Атаулы дата мен мерекелік күндерге әлеуметтік көмек көрсету үшін әлеуметтік мәні бар аурулардың болуын негіз ретінде қолданбау.

3). Әлеуметтік мәні бар туберкулез ауруы негізінде әлеуметтік көмек алушылар тізіміне жұқтырған және туберкулезге қарсы химиотерапия алатын балаларды қосу.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік - мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
әлеуметтік-мәдени даму  
мәселелері жөніндегі тұрақты  
комиссиясының төрағасы**



**М. Шайдаров**

000065